«МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ-ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ» КЕШЕНІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «КОМПЛЕКС «МУЗЫКАЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ-МУЗЫКАЛЬНАЯ ШКОЛА-ИНТЕРНАТ ДЛЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ»

**БҰЙРЫҚ**
**2025 ж. 05.01.**
**Павлодар қаласы**

**ПРИКАЗ**
**№13-04/01**
**город Павлодар**

**2025 жылға өртке қарсы қауіпсіздікке және нұсқаулық беруге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы**

«Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарын» орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені ММ-де 2025 жылға арналған өртке қарсы қауіпсіздік, әрекеттегі норма талаптарын сақтау, өртке қарсы іс-шараларды уақытында орындау, өрт сөндіру құралдарының бар болуына және жарамдылығы үшін жауапты тұлға болып:
- Торайғыров көшесі, 67 орналасқан корпус бойынша – басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаев;
- Ак. Бектұров көшесі, 1 және Ак. Бектұров көшесі, 2 орналасқан корпустар бойынша – шаруашылық меңгерушісі М.А. Шарипова мен жатақхана коменданты М.С. Семенова тағайындалсын.

2. **Өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулықты** өткізу:
- колледж және мектеп-интернат бойынша жұмыскерлерге кадрлар бөлімінің меңгерушісі А.Т. Аскароваға;
- колледжге қабылданған студенттерге АӘД бойынша оқытушы-ұйымдастырушы Б.Р. Какеновқа;
- ББММ бойынша қайта жұмысқа қабылданған жұмыскерлерге және өндірістік оқу немесе тәжірибеге келген студенттерге басшының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары О. Қайыргелдіқызына;
- әкімшілік жұмыскерлер мен кешен аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындайтын құрылыс саласының мамандарына бойынша басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаевқа жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың 2-тармағында көрсетілген жауапты тұлғалар өртке қарсы кіріспе нұсқаулық бағдарламасына сәйкес өртке қарсы кіріспе нұсқаулық өткізсін (осы бұйрыққа №1 қосымша).

4. **Алғашқы өртке қарсы нұсқаулықты өткізу**:
- музыкалық колледждің педагогикалық құрамы бойынша басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары З.А. Гатинаға;

- ББММ педагогикалық құрамы мен өндірістік оқу немесе тәжірибеге келген студенттер бойынша басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары О. Қайыргелдіқызына;
- мектеп-интернаттың музыкалық циклдегі педагогикалық құрамы бойынша басшының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасарының м.а. М.С. Ботагузовқа;
- мектеп-интернаттың жалпы білім беру циклдегі педагогикалық құрамы бойынша басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.С. Кунязоваға;
- тәрбиешілер және тәрбиешілердің көмекшілері бойынша басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а. Г.С. Шариповаға;
- Кешеннің әкімшілік жұмыскерлері бойынша басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары К.Ж. Охатаевқа;
- студенттік жатақхана қызметкерлеріне және қабылданған студенттер бойынша комендант М.С. Семёноваға;
- мектеп-интернат техникалық, кіші қызмет көрсету жұмыскерлері бойынша колледждің шаруашылық меңгерушісі М.А. Шариповаға жүктелсін.
- музыкалық колледждің техникалық, кіші қызмет көрсету жұмыскерлері бойынша колледждің шаруашылық меңгерушісі Т.Г.Ауталиповаға жүктелсін.

5. **Алғашқы өртке қарсы нұсқаулық** тікелей жұмыс орнында, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқаулық (осы бұйрыққа №2 қосымша) өткізу кезінде алғашқы өртке қарсы нұсқаулық бағдарламасына сәйкес өткізілсін:
- барлық жаңа қабылданған жұмыскерлермен;
- бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауысқан жұмыскерлермен;
- алмасқан жағдайда олар үшін жаңа жұмысты орындайтын жұмыскерлермен, уақытша іссапардағы жұмыскерлермен;
- маусымдық жұмыскерлермен;
- оқуға қабылданған студенттермен;
- ұйым аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындайтын құрылыс саласының мамандарымен.

6. **Алғашқы өртке қарсы нұсқаулық** әрқайсысымен жеке, тәжірибе түрінде көрсетумен және алғаш өрт сөндіру құралдарын қолдана білу, өрт шыққан жағдайда әрекет жасау, тасымалдау, зардап шеккендерге көмек көрсету ережелерін игертіп, сондай-ақ бір үлгідегі құрал-жабдықтармен жұмыс жасайтын және жалпы жұмыс орындары ортақ топ тұлғаларға алғашқы өртке қарсы нұсқаулық жасалсын.

7. Осы бұйрықтың №4 тармағында көрсетілген жауапты тұлғалар алғашқы өртке қарсы нұсқаулық бағдарламасы көлемінде белгіленген үлгідегі журналға (осы бұйрыққа №4 қосымша) тіркеумен 6 айда 1 реттен кем емес (осы бұйрыққа №3 қосымша) жүйесімен сабақтарды өткізу кестесіне сәйкес алғашқы өрте қарсы нұсқаулық қайта өткізілсін.

8. Осы бұйрықтың №4 тармағында көрсетілген жауапты тұлғаларға жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаулық өткізу жүктелсін.

9. Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаулықты жүргізсін:
- өндірістің технологиялық үдерісі өзгерген, жабдықтарды, құралдарды, бастапқы шикізатты, материалдарды ауыстыру немесе жаңғырту кезінде;
- ұйым жұмыскерлері өртке әкеп соғуы немесе әкеп соқтыруы мүмкін өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған жағдайда;
- өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау лауазымды адамдарының ұйғарымы (тексеру нәтижелері туралы акті) бойынша өрт қауіпсіздігі шараларын

қосымша зерделеу үшін, олар ұйымдардың жұмыскерлерінде ұйымды өрт-техникалық тексеру барысында білімдерінің жеткіліксіздігін анықтаған кезде;
- ұқсас өндірістерде, ғимараттар мен құрылыстарда болған өрттер туралы ақпараттық материалдар түскен кезде;
- ұйым жұмыскерлерінің өрт қауіпсіздігі талаптарын қанағаттанарлықсыз білу фактілерін анықтаған кезде.

10. Жоспардан тыс өртке қарсы нұсқаулық мазмұнын оны өткізу қажеттілігі туғызған салдар мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдаларда анықталсын.

11. Мақсатты өртке қарсы нұсқаулықты өткізу осы бұйырқытың №1 тармағында көрсетілген жауапты тұлғаларға жүктелсін.

12. Мақсатты нұсқаулық:
- жоғары өрт қауіпсіздігімен немесе басқа от жұмыстарымен байланысты (ашық отты, ұшқын шашу, жабдықтарды, аспаптарды, материалдарды от алу жағдайына әкелетін температураға дейін (өздігінен от алу) қыздырту, газ-ауалық, бу-ауалық және шаң-ауалық қоспалар, басқа жанатын заттар (электр, газпісіру, бензокесу, дәнекерлейтін лампаларды, шырақтар, оттық, битумды пісіру және жылу мен ұшқын шашатын жұмыстар) пайдалану, бір реттік жұмыстарды орындау кезінде;
- төтенше жағдай салдарын жою кезінде;
- рұқсат құжат ресімделінетін жұмыстарды өндіру кезінде, жарылу қауіпі бар өндірістерде отпен жұмыс жасау кезінде;
- ұйымдар мен өндірістерде саяхат өткізу кезінде;
- көпшілік жиналған адамдармен іс-шаралар ұйымдастыруды дайындау кезінде өткізілсін.

13. Өртке қарсы нұсқаулықтар (кіріспе, алғашқы, қайта, жоспардан тыс, мақсатты) белгіленген үлгідегі журналға тіркелсін (осы бұйрыққа №4 қосымша).

14. Осы бұйрық күшіне енгеннен бастап зертханашы З.М. Оспанова қатысты тұлғаларға қол қойғызып, таныстырсын.

15. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **С.К. Сыздыков**

2025 ж.01 қаңтардағы
№13-04/01 бұйрыққа
№ 1 қосымша

**БЕКІТЕМІН:**
**«Музыкалық колледж –дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ басшысы**

**_______________С.К. Сыздыков**

**Өртке қарсы кіріспе нұсқаманың бағдарламасы**

1. Кешен туралы жалпы мәліметтер.
2. Өртке қарсы режиммен танысу
3. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастыру іс-шаралары
4. Аймақты қолданудағы өрт қауіпсіздігінің талаптары
5. Өрттің алдын алу және өртті сөндіру бойынша жалпы шаралар
6.Жұмысшылардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауына жауапкершілік
7. Өрт туралы хабарлау тәсілдері. Өрт шыққан жағдайда жеке қауіпсіздік шаралары.

**АӘД оқытушы-ұйымдастырушы** **Б.Р.Какенов**

2025ж. 01 қаңтардағы
№13-04/01 бұйрыққа
№ 2 қосымша

**БЕКІТЕМІН:**
**«Музыкалық колледж –дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ басшысы**

**_____________С.К. Сыздыков**

**6 айда 1 рет кезеңімен өртке қарсы**
**бірінші нұсқама бағдарламасы**

1. Өрт қаіпсіздігі бойынша нұсқаулықпен таныстыру
2. Міндеттерді орындау кезінде өрт қауіпсіздік талаптарын сақтау боынша жұмысшылардың міндеттемелері
3. Өрттің алдын алу және уақытында көру бойынша шаралар және техникалық құралдар
4. Алғаш өрт сөндіру құралдарының, гидранттар, су және құм қоры, адамдарды көшіру және сыртқа шығу жолдарының орналасқан орындарымен таныстыру.
5. Электрқұбырлардың және электржабдықтардың қолданылуына өрт қауіпсіздік талаптары. Электрқұбырларды және электржабдықтарды өшіру кезіндегі талаптар.
6. Өрт сөндіру құралдарының орналасуы, оларды қолдану тәртібі.
7. Өрт шыққан кездегі іс-әрекет, оны сөндіру әдістері мен тәсілдері.
8. Өрт немесе қатты түтіндеу кезінде адамдарды көшіру жолдарында нұсқамадан өтушінің жүріс-тұрысы және іс-әрекеті.
9. Өрт туралы хабарлау тәсілдері. Өрт шыққан кезде жеке қауіпсіздік шаралары. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету тәсілдері.
10. Тәжірибелік сабақтар.

**АӘД оқытушы-ұйымдастырушы** **Б.Р.Какенов**

2025ж. 01 қыркүйек
№13-04/01 бұйрық
№ 3 қосымша
(негізгі бет)

**«Музыкалық колледж –дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ**

(ұйымның атауы)

**Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізуді есепке алу**
**№ ___журналы**

Журнал жүргізудің басталу мерзімі 20__ ж. «___» _____
Журнал жүргзудің аяқталу мерзімі 20__ ж. «___» _____

(келесі беттер)

| № р/с | Нұсқаулық өткізу күні | Нұсқаулықтан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) | Нұсқаулықтан өтушінің қызметі (кәсібі) | Нұсқаулық түрі | Нұсқаулық өткізушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) | Нұсқаулық өткізушінің қызметі | Нұсқау-лықтан өтушінің қолы | Нұсқаулық өткізушінің қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |

Ескертпе: өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізуді есепке алу журналы барлық нұсқаулықтар үшін ресімделінеді.

2025ж. 01 қаңтардағы
№13-04/01 бұйрыққа
№ 4 қосымша

**БЕКІТЕМІН:**
**«Музыкалық колледж –дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ басшысы**

**_____________С.К. Сыздыков**

**Өртке қарсы қайта нұсқама сабақтарын өткізу кестесі**

| Нұсқамадан өтетін жұмысшылар тізімі | Сабақ өткізу кезеңі |
|---|---|
| 6 айда 1 рет кезеңімен нұсқаулық беру | тамыз-қыркүйек<br>наурыз-сәуір |

**АӘД оқытушы-ұйымдастырушы** **Б.Р.Какенов**